

Қазақстан Республикасының Иран Ислам Республикасындағы Елшілігін әкімшілік орналастыру үшін Қазақстан Республикасының меншігіне Тегеран қаласында ғимарат сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 22 сәуір N 615

Қазақстан Республикасының меншігіне шетелдерде жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алу жөніндегі бұрын көзделген жобаларды жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің Қазақстан Республикасының Иран Ислам Республикасындағы Елшілігін әкімшілік орналастыру үшін Қазақстан Республикасының меншігіне Тегеран, Даррус, Солтүстік Хедаят көшесі , 4 мекен-жай бойынша 1997 жылға арналған республикалық бюджетте Елшіліктерді ұстауға көзделген қаражат есебінен құны 2 300000 (екі миллион үш жүз мың) АҚШ долларында ғимарат сатып алу туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі аталған мақсаттарға қажетті бюджеттік қаржы бөлсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі